

**ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ БОЙЫНША ТЕКСЕРУ  
КОМИССИЯСЫ**

**«Шымкент қаласы бойынша ҚМЖ және ЖСҚ аяқталмаған жобалар,  
сондай-ақ коммуналдық меншікке берілген проблемалық объектілер  
бойынша сараптамалық-талдау іс-шарасын жүргізу» сараптамалық-талдау  
іс-шарасы бойынша жүргізілген нәтижелеріне сараптамалық-талдау  
қорытындысы**

ГУ «Ревизионная комиссия по городу Шымкент» (АҚО) ҚМЖ МА

**ШЫМКЕНТ  
2025 жыл**

## Мазмұны

### I. Кіріспе бөлік

1.1. Сараптамалық-талдау іс-шарасы бойынша ағымдағы жағдайды талдау

### II. Талдамалық бөлік

2.1. Сараптамалық-талдау іс-шарасы бойынша 2022-2024 жылдардағы ағымдағы жағдайды талдау;

2.2. 2022-2024 жылдардағы жобалау-сметалық құжаттамаларды әзірлеуге және іске асыруға бөлінген бюджет қаражатының жоспарлануы мен пайдалану тиімділігін бағалау;

2.3. 2022-2024 жылдардағы бюджет қаражатының жұмсалуды бақылау жүйесінің тиімсізділігі және проблемалық жобалар;

2.4. Сараптамалық-талдау іс-шарасы барысында туындаған өзге де мәселелер

### III. Қорытынды бөлік

3.1. Сараптамалық-талдау іс-шарасы бойынша тұжырымдар мен ұсынымдар

### ҚОСЫМШАЛАР

ГУ «Ревизионная комиссия по городу Шымкенту» А.А.Абабеков А

- мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік саласына **2,0%** немесе 3 269 644,0 мың теңге.

2024 жылы 161,9 мың шаршы метр құрайтын 2094 пәтерлі 55 көпқабатты тұрғын үй (*кредиттік - 53, арендалық -2*), 4 мәдениет үйлері, 1 спорт мектебі, 4 автомобильге арналған 1 өрт депосы, 1 «Қаңғыбас иттер мен мысықтарды уақытша ұстайтын питомник», Шымкент қ., Абай даңғылы, 2/9 мекенжайында орналасқан бұрын салынған әкімшілік ғимаратқа қосымша құрылыс салынып, пайдалануға берілген.

Сондай-ақ, Сайрам шағын ауданындағы №10 колледжге қосымша ғимарат құрылысы аяқталып, қосымша 300 оқушы орнымен және «Есту қабілеті бұзылған балаларға арналған №2 арнайы мектеп-интернатының» құрылысы аяқталып, қосымша 40 орынмен қамтылған.

6 нысанға күрделі жөндеу жұмыстары, 10 нысанға инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымдар, 3 нысанның электр желілері, 9 нысанның су жүйелерінің, 1 магистралды кәріз коллекторының (Тұран) және 3 нысанның (Тассай,112 орам, Қайтпас-2) кәріз жүйелерінің, 10 газ құбырларының құрылысы жүргізілді, Шымкент қаласының Тассай индустриалдық аймағы және Жұлдыз тұрғын алаптарындағы индустриалдық аймағы үшін инженерлік инфрақұрылым құрылысы (ауыз су, электр, газ және су бұру) желілері пайдалануға берілді, 5 құрылыс нысанында (көшеде) қайта құру жұмыстары жүргізіліп, 23,1 шақырым жол, 1 көпір пайдалануға берілді, орташа жөндеумен 247 көше, 161,7 шақырым көше күрделі жөндеумен қамтылған. Нәтижесінде, жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы жергілікті маңызы бар автожолдардың үлесі 75%-ды құраған (*жоспар - 75%*).


2024 жылға бекітілген бюджетте **119 439 308,0** мың теңгеге әлеуметтік және инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым саласындағы нысандардың құрылысы, қайта құру жұмыстарына және жобалау-сметалық құжаттамаларын әзірлеу бойынша 125 бюджеттік инвестициялық жобалардың іске асырылуы жоспарланған.

Қалалық бюджетті нақтылау және түзету барысында бюджеттік инвестициялық жобалар (*бұдан әрі – БИЖ*) саны 97 жобаға **76 670 325,0** мың теңгеге немесе 64,1%-ға ұлғайып, инвестициялық жобалардың саны 222 жобаны құны **196 109 633,0** мың теңгені құраған.

*Диаграмма*

**2022-2024 жылдары инвестициялық жобаларды қаржыландыру көлемінің динамикасы**

млн. теңге



Ақпарат көзі: 2022-2024 жылдардағы Шымкент қаласы бюджетінің орындалуы бойынша есебі.

Инвестициялық жобаларды қаржыландыру көлемінің динамикасы көрсетіп отырғандай соңғы үш жылда 45,0%-ға өскені байқалады (2022 жылы 135 263 155,0 мың теңгеден 2024 жылы 196 109 633,0 мың теңгеге дейін).

Бұл ретте, өсім қаржыландыру көздері жергілікті бюджет және ішкі займдар есебінен ұлғаюда (ЖБ – 15 есеге, ішкі займдар – 3,3 есеге), ал республикалық бюджеттен трансферттер көлемі 10 есеге күрт төмендеген. Сондай-ақ, Ұлттық қор есебінен қаржыландыру көлемінің өсуі 2023-2024 жылдары қалада «Жайлы мектеп» пилоттық ұлттық жобасы шеңберінде бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру объектілерін салумен байланысты орын алғанын атап өту қажет (2023 жылы 33 521 921,0 мың теңге, 2024 жылы 61 157 535,0 мың теңге).

2024 жылдың қорытындысымен даму бағдарламаларына бөлінген бюджет қаражатының 335 089,8 мың теңгесі игерілмеген (195 774 543,2 мың теңгесі немесе 99,9% игерілген), оның ішінде, 147 789,1 мың теңгесі Ұлттық қор есебінен игерілмеген.

Сондай-ақ, даму бюджетінің игерілуі тапсырыс беруші тарапынан Мердігерлерге нысандардың құрылыстарын іске асыру үшін түзілген келісім шарт бойынша алдын ала аванстық төлемдер аудару есебінен де орын алғанын атап өту қажет. Есепті кезеңде келімшарттар бойынша жалпы 5 299 062,4 мың теңге (ҰҚ есебінен – 1 792 924,8 мың теңге, жергілікті бюджеттен – 3 506 139,0 мың теңге) аванстық төлемдер аударылған, оның ішінде, құрылыс басқармасымен – 3 376 100,0 мың теңге («Ақжайық» ш/а және Тұран шағынауданында 23-орамда орналасқан 9 қабатты тұрғын үйлердің құрылысына), энергетика және инфрақұрылымдарды дамыту басқармасымен – 1 255 319,6 мың теңге (Төлеметов көшесіне дейін су өткізгіші бар «ШымСити» су құбыры құрылыстарын және Төлеметов көшесі бойынша Алматы - Ташкент (А2) трассасына дейін кәріз коллекторын салу) Су бұру. 1-кезек», «Тұран» ш/а

инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымын салу (1,5,7 көшелер), Жұлдыз тұрғын алабындағы индустриялық аймақ үшін инженерлік инфрақұрылым жүйелерінің құрылысы. Автомобиль жолдары (түзету)), жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасымен – 667 642,8 мың теңге (Ы.Алтынсарин көшесін Алматы тас жолынан «Тұран» шағынауданындағы №3 көшеге дейін реконструкциялау, «Қаратау ауданындағы Бәйдібек би даңғылынан бас жоспарға сәйкес жол құрылысы», «Қорғас-Алматы-Шымкент-Өзбекстан Республикасы шек.» А-2 автомобиль жолын реконструкциялау» 674-706+621 км (Шымкент қаласын айналып өту) «Бадам өзені арқылы өтетін көпірден (698+450 км) Шымкент-Ташкент автожолына дейін (705+621 км) учаскесі. V кезең»). Алайда, осы алдын ала аударылған аванстық төлемдеріне мердігерлер тарапынан жұмыс көлемдері ұсынылмаған, яғни есепті жылға межеленген жоспарларға (нәтижелерге) қол жеткізілмеген.

Жыл сайын инвестициялық жобалар бойынша бюджет қаражатының орташа игерілуі 99% құрайды (2021 жылы – 98,1%, 2022 жылы – 99,7%, 2023 жылы – 99,8%). Осымен қатар, жыл соңында бюджет қаражатын қысқарту, қайта бөлу және қосымша қаражат бөлу тәжіребесі де жалғасуда. Бұл өз кезегінде қаржыны тиімсіз жоспарлауды, пысықталмаған, тиісті деңгейде зерделенбеген (талданбаған) жобаларды қаржыландыруды, тапсырыс беруші құрылыс барысын қадағаламағандығын, нәтижесінде бюджет қаражатының сапасыз игерілгендігін куәландырады.

Мысалы, энергетика және инфрақұрылымды дамыту басқармасы бойынша есепті жылдың соңында (қараша, желтоқсан айларында) өткізілген бюджетті нақтылау барысында даму бюджетінің жоспары 3 606 550,0 мың теңгеге жуық сомаға кемітілген (жыл бойына – 17 873 374,0 мың теңге қысқартылған). Осы ретте, 12 жоба бойынша қаралған қаржылар толығымен қысқартылған («Тұран» шағын ауданында инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымын салу (№11көше, ПК 0+00 – ПК 32+73.5), Құрсай елді мекенінің жаңа құрылысы аумағында инженерлік инфрақұрылым жүйелерінің құрылысына ЖСҚ әзірлеу (электрмен жабдықтау және газбен жабдықтау), «Тұран» шағын ауданына инженерлік-коммуникациялық жүйелердің құрылысы (10кВ КЖ-і 110/10кВ «Астана-2» ҚСнан №1,2,3,4,5,6,7,8,9,10 10 кВ электр тарату бекеттеріне дейін), Құрсай шағын ауданына жеткізуші магистралды суаққының және ішкі орамдық ауыз су жүйелерінің құрылысы (1 кезек)), «Шымкент қаласындағы 110кВ коректендіру желісімен «Ақжар» 110/35/10 кВ ҚС салу», «Шымкент қаласы 15-ықшам ауданында Жандосов көшесінің бойында РК-1 қазандығының пайдаланудағы аумағында сорғы станциялары гимараттарын салу», «Шымкент қаласында ЖК-4-тен Гоголь көшесінің бойындағы ЖСС-3-ке дейін және Адырбеков көшесінің бойындағы ЖСС-2-ден ЖК-4-ке дейін жылу желілерін реконструкциялау. Түзету», «Тассай ықшам ауданында инженерлік желілер (газбен жабдықтау) салу», Жұлдыз тұрғын алабындағы индустриялық аймақ үшін инженерлік инфрақұрылым жүйелерінің құрылысы. Автомобиль жолдары (түзету)), Жұлдыз тұрғын алабындағы индустриялық аймақ үшін инженерлік инфрақұрылым құрылысы» (Кіреберіс арка, Әкімшілік-тұрмыстық кешен және қоршау)), «Шымкент қаласы «DALA-CONSTRUCTION.KZ» ЖШС-не жеткізуші электр желілерінің құрылысы», Шымкент қаласында 220 кВ желісі бар 220/110/10 кВ "Қызылсу" ҚС ЖСҚ мемлекеттік сараптамадан өткізу), 1 жоба бойынша (Төлеметов көшесіне дейін су өткізгіші бар «ШымСити» су құбыры құрылыстарын және Төлеметов көшесі бойынша Алматы - Ташкент (А2) трассасына дейін кәріз коллекторын салу) Су бұру. 1-кезек, авторлық қадағалау мен

технадзор мекемелерінің жұмыс көлемін ұсынбауына байланысты) 26 051,8 мың теңге игерілмеген.

Жолашылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасында транспорт инфрақұрылымын дамытуға бұрын қарастырылған бюджет қаражаты қосымша ауқымды сомаға 11 336 699,0 мың теңгеге ұлғайтылған. Сондай-ақ, жыл соңында 3 жоба бойынша («А-2 Қорғас - Алматы - Шымкент - Өзбекстан Республикасы шекарасы 674-705+621 автомобиль жолын реконструкциялау (Шымкент қаласын айналып өту). Шымкент қаласындағы 681+150 км-ден 682+950 км-ге дейінгі учаске» VIII кезең, «Қызылсай ықшам ауданына автомобиль жолының үстінде теміржол өтпесі бар кірме жол салу», Шымкент қаласы бас жоспарға сәйкес Қонаев көшесінің (көлік айрықтарымен бірге Дамбовая көшесінен А-2 автокөлік жолға дейін) жалғасын салу. Бадам өзені арқылы өтетін көпірден 4+70,0 шақырымға дейін шекара 1-учаскесі (5-ЭТАП)) жерлерді мемлекет мұқтажына алу мәселесі шешілмеуіне байланысты игерілмеу қауіпі бар жалпы 627 353,0 мың теңге қысқартылған, 1 жобаның «Шымкент қаласындағы Жібек жолы-Сайрамская көшелерінің қиылысындағы жол айрығының құрылысы» ЖСҚ әзірлеуге қаралған 1 758,0 мың теңге толық қысқартылған. Бұл ретте, аталған жоба 2022 жылдың бюджетінде инвестициялық жобалар тізімінде **1 758,0** мың теңге жоспарланып, **нысан қызыл сызыққа түсуіне байланысты** жылдың соңында толық қысқартылған болса, 2023 жылы осы нысан бойынша ЖСҚ әзірлеуді аяқтауға жоспарланған **1 758,0** мың теңге ЖСҚ мемсараптаманың теріс қорытындысы алынуына байланысты желтоқсан айында **толығымен қысқартылғанын атап өту қажет.**

Құрылыс басқармасы бойынша есепті жылдың соңында тұрғын үй алқаптарында тұрғын үйлер құрылысы жобалары бойынша қаржыландыру көлемдерін кеміту фактілері байқалады. Атап айтқанда, «Ақжайық» шағын ауданында 9 қабатты №1,2,3,4,33,34,35 тұрғын үйлерді салуға бөлінген 5 323 483,0 мың теңге қаржы **толығымен қысқартылған** (шілде айында – 4 623 483,0 мың теңгесі жобалау-сметалық құжаттамаларына түзету енгізілуіне байланысты, қазан айында – 700 000,0 мың теңгесі жыл соңында игерілмеу қауіпі туындауына байланысты). Бұл ретте, 2023 жылға бекітілген бюджетте аталған 7 тұрғын үйлердің құрылысына 2 жобаға 250,0 мың теңгеден және 5 жобаға 500,0 мың теңгеден қарастырылып, екі айдан кейін желтоқсан айындағы бюджетті нақтылау барысында қаржы **толығымен қысқартылғанын** атап өту қажет. Нысандардың жобалау-сметалық құжаттамаларына түзету енгізу қажеттілігі тұрғын үйлерді монолитті үйлерден ірі панельді үйлерге ауыстыру себебімен түсіндіріледі, алайда аталған нысандардың құрылысын жүргізуге мемлекеттік сатып алу конкурсы жариялағаннан 9 айдан кейін (2023 қазан айында) және құрылыс сомасын толық қарастырғаннан кейін үйлердің құрылымын өзгерту шешімі қабылданған.

Сонымен қатар, «Тұран» ықшам ауданында 9 қабатты №37,38 тұрғын үйлер салу жобалары бойынша бекітілген бюджетте қарастырылған – 80 646,0 мың теңге жылдың соңында (желтоқсан айында) тұрғындарға үлестіру кезінде кемшіліктерді ретке келтіру мақсатында жалпы соманың 5% қаржысы 2023 жылы төленетіндігі себебімен толығымен қысқартылған, яғни бюджетте жоспарланған қаржы жылдың соңына дейін пайдаланылмай тиісті көзделген

түпкілікті нәтижелерге қол жеткізілмеуіне жол берілген.

Қалалық жайлы ортаны дамыту басқармасында «Қаланы абаттандыруды дамыту» бағдарламасы бойынша бекітілген бюджетте тек 1 000,0 мың тенге жоспарланған болатын. 2024 жылдың наурыз айындағы бюджетті нақтылау барысында бұрын қарастырылған бюджет қаражаты қосымша 104 121,0 мың теңгеге ұлғайтылған. Жыл соңында 3 жобаның («Шымкент қаласының кіреберісіне арка орнату мен абаттандыру жұмыстарына ЖСҚ әзірлеу», «Шымкент қаласында ұзындығы 4,3 км Қошқар ата өзенінің бойын (Жангелдин көшесінен Алпысбаев көшесіне дейін) абаттандыру ЖСҚ әзірлеу», «Қаратау ауданында Каусар көшесінен бастап Бәйдібек-би көшесіне дейін (дендропарк) суармалы объектілерін салу және реконструкциялау ЖСҚ әзірлеу») ЖСҚ-ын әзірлеуге қаралған қаржылар толығымен қысқартылған.

Бұл ретте, есепті жылға бюджеттік бағдарлама әкімшісі тарапынан «көзделген нәтижелердің көрсеткіштеріне қол жеткізуге бағдарланған бюджетті әзірлеу және атқару» қажеттілігін атап өтуіміз қажет. Яғни, бюджеттік бағдарлама әкімшілері тарапынан қаржылардың игерілмей қалу қаупі туындауына орай қысқартылуына байланысты, межелеген жұмыстарды дұрыс жоспарламау салдарынан, бюджет қаржысын тиімсіз жоспарлау жағдайы орын алған.

Бұдан бөлек, жыл сайын даму бюджетін тиімді жоспарлауға және игеруге теріс әсерін тигізетін инвестициялық жобалардың бекітілген тізіміне көптеген өзгерістер мен толықтырылулар енгізу тәжірибесі жалғастырылған. (Кесте №1).

Кесте №1

**2024 жылғы бюджеттік бағдарлама әкімшілері бойынша бюджеттік инвестициялық жобалар бойынша мәлімет**

Бюджеттік бағдарлама әкімшісі	Бекітілген бюджет, млн. тенге	ББК саны	Нақтыланған бюджет, млн. тенге	БНЖ саны	Объектінде		Аяқталды	
					Жаңадан енгізілген ББК ЖСҚ саны	Аяқталған объектілердің БНЖ ЖСҚ саны	ББК саны	Семасы, млн. тенге
Барлығы	119 439 308	125	196 109 633	222	122	25	97	76 670 325
Энергетика және инфрақұрылымды дамыту басқармасы	35 438 994	35	39 247 733	71	41	5	36	3 808 739
Құрылыс басқармасы	74 529 003	80	135 289 044	122	61	19	42	60 760 041
Қалалық жайлы ортаны дамыту басқармасы	1 000	1	52 121	1	1	1	0	51 121
Жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы	9 470 311	9	16 870 443	25	16	0	16	7 400 132
Жарғылық капиталды ұлғайту	0	0	4 650 292	3	3	0	3	4 650 292

Ақпарат көзі: 2024 жылғы Шымкент қаласы бюджетінің орындалуы бойынша есебі.

2.2. 2022-2024 жылдардағы жобалау-сметалық құжаттамаларды әзірлеуге және іске асыруға бөлінген бюджет қаражатының жоспарлануы мен пайдалану тиімділігін бағалау;

Құрылыстың жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасын әзірлеу, келісу, бекіту және құру, оның ішінде жаңа құрылыс салу және (немесе) қолданыстағы объектілерді өзгерту (кеңейту, жаңғырту, техникалық қайта жарақтандыру, реконструкциялау, қалпына келтіру, күрделі жөндеу) тәртібі объектілер сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы нормативтік құжаттармен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

Жаңа объектілерді салуды және (немесе) қолданыстағы объектілерді өзгертуді (кеңейтуді, жаңғыртуды, техникалық қайта жарақтандыруды, реконструкциялауды, реставрациялауды, күрделі жөндеуді) қоса алғанда, құрылысқа арналған жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасын әзірлеу, келісу, бекіту тәртібі және оның құрамы сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы нормативтік құжаттармен, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі N 242 Заңымен «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы», Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 шілдедегі N 409 Кодексімен «Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі», Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434-V ҚРЗ «Мемлекеттік сатып алу туралы», Қазақстан Республикасының Кодексімен 2015 жылғы 31 қазандағы № 377-V ҚРЗ «Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексі», сондай-ақ қолданыстағы өзге де заңнамамен реттеледі.

Жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес іске асырылатын бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыру тәртібі Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы №95-IV Бюджет кодексінде (бұдан әрі – ҚР Бюджет кодексі) айқындалады.

Республикалық немесе жергілікті бюджетке енгізілмеген бюджеттік инвестициялық жобалардың (бұдан әрі - БИЖ) жобалау-сметалық құжаттамасын әзірлеуге жол берілмейді.

Сараптамалық-талдау іс-шарасының объектілері бойынша ЖСҚ іске асыруға арналған бюджеттік қаражаттың басым бөлігі коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін жобалауға және (немесе) салуға, реконструкциялауға бағытталған.

2024 жылдың 17 қазанында жобалау-сметалық құжаттамаларды (ЖСҚ) әзірлеуге және аяқталмаған құрылыс монтаж жобаларын (бизнес инвестициялық жоба – БИЖ) іске асыруға бөлінген бюджет қаражатын игерудегі проблемалық объектілер бойынша мәселелерді шешу үшін «Шымкент қаласындағы мәселелі

(проблемалық) жобалар/объектілер жұмыстарын аяқтау туралы ЖОЛ КАРТАСЫ» (Бұдан әрі – Жол картасы) бекітілген.

Жол картасына жалпы 28 проблемалық объект енгізілген, оның ішінде, 15 объекті жобалау-сметалық құжаттамаларды әзірлеу - ЖСК, 13 объекті бизнес инвестициялық жобалар – БИЖ.

**Жол картасына енген 15 объекті (ЖСК бойынша):**

Құрылыс басқармасы бойынша жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеуге бөлінген бюджет қаражатын пайдалану тиімділігін бағалау кезінде талданған кезеңге берілген ақпаратқа сәйкес «ҚазНұр «Жобалау-құрылыс институты» ЖШС, Шымкент қаласының Туран шағын ауданындағы тұрғын үйлердің (15 объекті: Разработка ПСД "строительство 9-ти этажных жилых домов в 20 квартале в микрорайоне Туран города Шымкент" (1 очередь) (повторное использование в 4 домах), Разработка ПСД "строительство 9-ти этажных жилых домов в 20 квартале в микрорайоне Туран города Шымкент" (2 очередь) (повторное использование в 4 домах), Разработка ПСД "строительство 9-ти этажных жилых домов в 20 квартале в микрорайоне Туран города Шымкент" (3 очередь) (повторное использование в 4 домах), Разработка ПСД "строительство 9-ти этажных жилых домов в 22 квартале в микрорайоне Туран города Шымкент" (1 очередь) (повторное использование в 4 домах), Разработка ПСД "строительство 9-ти этажных жилых домов в 23 квартале в микрорайоне Туран города Шымкент" (1 очередь) (повторное использование в 4 домах), Разработка ПСД "строительство 9-ти этажных жилых домов в 23 квартале в микрорайоне Туран города Шымкент" (2 очередь) (повторное использование в 4 домах), Разработка ПСД "строительство 9-ти этажных жилых домов в 23 квартале в микрорайоне Туран города Шымкент" (3 очередь) (повторное использование в 4 домах), Разработка ПСД "строительство 9-ти этажных жилых домов в 24 квартале в микрорайоне Туран города Шымкент" (1 очередь) (повторное использование в 4 домах), Разработка ПСД "строительство 9-ти этажных жилых домов в 24 квартале в микрорайоне Туран города Шымкент" (2 очередь) (повторное использование в 4 домах), Разработка ПСД "строительство 9-ти этажных жилых домов в 24 квартале в микрорайоне Туран города Шымкент" (3 очередь) (повторное использование в 4 домах), "Разработка ПСД на строительство 20 квартальных инженерно-коммуникационных систем в микрорайоне Туран города Шымкент", "Разработка ПСД на строительство 22 квартальных инженерно-коммуникационных систем в микрорайоне Туран города Шымкент", "Разработка ПСД на строительство 23 квартальных инженерно-коммуникационных систем в микрорайоне Туран города Шымкент", "Разработка ПСД на строительство 24 квартальных инженерно-коммуникационных систем в микрорайоне Туран города Шымкент", Разработка ПСД "строительство этнопарка в микрорайоне Туран, город Шымкент") жобалау-сметалық құжаттамасын әзірлеуге келісім-шарт жасалып, 138 410 156,96 теңге сомасына 30% аванстық төлем жасалған. «ҚазНұр «Жобалау-құрылыс институты» ЖШС тарапынан жұмыстар жүргізілмеген. Осыған байланысты Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық сотына аванс сомасын мемлекеттік бюджетке өндіріп алу туралы талап арыз жолданып, Шымкент қаласы Әділет департаментінің атқарушылық құжаттарды орындау қызметінің хабарлауына, 2025 жылдың 17 қаңтардағы Атқарушылық іс жүргізуді тоқтату туралы қаулысына сәйкес, «Қаз Нұр жобалау-құрылыс» ЖШС-гі 138 410 156,96 (бір жүз отыз сегіз миллион төрт жүз он мың бір жүз елу алты теңге 96 тиын) теңгені толығымен бюджетке өтеген.

Бұл ретте, есепті жылға бюджеттік бағдарлама әкімшісі тарапынан

«көзделген нәтижелердің көрсеткіштеріне қол жеткізуге бағдарланған бюджетті әзірлеу және атқару» қажеттілігін атап өтуіміз қажет. Яғни, бюджеттік бағдарлама әкімшісі тарапынан бюджетті атқару кезінде жұмыстардың орындалмау фактілері орын алған, межелеген жұмыстарды дұрыс жоспарламау салдарынан, **бюджет қаржысын тиімсіз жоспарлау және тиімсіз пайдалану жағдайы орын алған.**

**БИЖ бойынша:**

Инвестициялық жобаларды қаржыландыру көлемінің динамикасы көрсетіп отырғандай соңғы үш жылда 45,0%-ға өскені байқалады (2022 жылы 135 263 155,0 мың теңгеден 2024 жылы 196 109 633,0 мың теңгеге дейін).

Бұл ретте, өсім қаржыландыру көздері жергілікті бюджет және ішкі займдар есебінен ұлғаюда (ЖБ – 1,5 есеге, ішкі займдар – 3,3 есеге), ал республикалық бюджеттен трансферттер көлемі 10 есеге күрт төмендеген. Сондай-ақ, Ұлттық қор есебінен қаржыландыру көлемінің өсуі 2023-2024 жылдары қалада «Жайлы мектеп» пилоттық ұлттық жобасы шеңберінде бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру объектілерін салумен байланысты орын алғанын атап өту қажет (2023 жылы 33 521 921,0 мың теңге, 2024 жылы 61 157 535,0 мың теңге).

Инвестициялық жобалар бойынша қаржыландыру көлемінің 80,0%-ға жуығы («Жайлы мектеп» пилоттық жобасына республикалық бюджеттен бөлінген қаржыны есептемегенде) жергілікті бюджет қаражаты мен ішкі займдарға тиесілі (107 278,0 млн.теңге). Олар сумен қамту, су бұру, газ тасымалдау жүйесін, жылу-энергетикалық жүйесін дамыту, жол, инженерлік-коммуналдық инфрақұрылым, абаттандыру, тұрғын үй кешендерінің, мектеп және дене сауықтыру кешендерінің құрылысы салаларындағы 222 бюджеттік инвестициялық жобалардың іске асырылуына бағытталған.

2024 жылдың қорытындысымен даму бағдарламаларына бөлінген бюджет қаражатының 335 089,6 мың теңгесі игерілмеген (195 774 543,2 мың теңгесі немесе 99,9% игерілген), оның ішінде, 147 789,1 мың теңгесі Ұлттық қор есебінен игерілмеген.

**Жол қаржысына енген 13 объекті (БИЖ бойынша):**

Бизнес инвестициялық жобаларды (БИЖ) іске асыруға бөлінген бюджет қаражатын пайдалану тиімділігін бағалау кезінде талданған кезеңге берілген ақпаратқа сәйкес, бірнеше жобалар мен объектілерді аяқтау кезінде мәселелер (проблемалар) туындаған, атап айтқанда:

**Құрылыс басқармасы бойынша:**

1) «Шымкент қаласының әкімшілік-іскерлік орталығын абаттандыру» жобасы бойынша жобалау-сметалық құжаттамасында объектінің аумағында жоғары қысымды инженерлік жүйелердің бар болуы ескерілмеген. Осыған байланысты жобаның іске асырылуы тоқтатылған. 2018 жылы жергілікті бюджет есебінен нысанның құрылысына 1 058 983,4 мың теңге қаралған. Мемлекеттік сатып алу конкурсының нәтижесімен «Сити строй» ЖШС-мен «Шымкент қаласының әкімшілік-іскерлік орталығын абаттандыруға» келісім-шартқа сәйкес 269 108,7 мың теңге көлемінде 30% аванстық төлем жасалған.